

1 2009

13324к




СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

СЕЙСЕН  
МҰХТАРҰЛЫ



КАРАТАУЫМ -  
АҚ ОТАУЫМ







"МӘДЕНИ МҰРА"  
МЕМЛЕКЕТТИК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҮНГІШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ



"МЭДЕНИ МУРА"  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҮНГІШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ

## **Редакция алқасы**

---

**Құл-Мұхаммед М.А., төрага**

**Алматов А.**

**Әбдікәрімов Ш.**

**Әлжік О.**

**Бердібаев Р.**

**Досжан Д.**

**Кәрібозұлы Б., жауапты редактор**

**Қасқабасов С.**

**Қоңыратбаев Т.**


**Момышбаев Б.**

**Оразбай И.**

**Рахматулла Ж.**

**Сейсекеева К.**

Л2009/13324к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

---

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
КОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ  
КЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

---

СЕЙСЕН  
МҰХТАРҰЛЫ



КАРАТАУЫМ –  
АК ОТАУЫМ

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ  
АСТАНА-2008

**ББК 84 (5 Каз)-7  
М 88**

*Китап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жаңындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Қеңесінің шешімімен ұсынылды*

**Пікір жазғандар:**

- О.Мақсұт – Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары;
- Ә.Рақымбекұлы – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

**М 88** Мұхтарұлы Сейсен.  
Қаратаяым – ақ отауым. – Астана: Фолиант, 2008. – 368 б.

**ISBN 9965-35-379-4**

«Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған ақын Сейсен Мұхтарұлының (1946-1999) «Қаратаяым – ақ отауым» атты бұл кітабына оның әр кезде жазылған өлеңдерінің ең таңдаулылары енгізіліп отыр. Ақынның әлемдік деңгейдегі бейнелеу өнерінің майталмандары Бекзат, Рембрандт, Винсент ван Гог және басқалар туралы поэмалары мен түркілердің түп атасы Қорқыт баба ғұмырын бейнелейтін «Күн желкен» дастанын да осы жинақтан оқуға болады.

Жыр жинағын оқу барысында Сейсен Мұхтарұлының қазақ өлеңінің мазмұны мен түрін байыта тұсу бағытындағы ізденистері айқын анғарылады.


Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.



**ББК 84 (5 Каз)-7**


**ISBN 9965-35-379-4**

© Мұхтарұлы Сейсен, 2008  
© «Фолиант» баспасы, 2008



Бірінші бөлім

# МАХАББАТ СОҚПАҒЫ



## АНСАУ

Сағынғаннан сөулеге мен айналдым,  
 Аймалауға жүзінді,  
 Аймалауға көзінді.

Мен, себебі, жаза алмадым сезімді,  
 Айта алмадым айтам деген сезімді,  
 Таусып болдым төзімді.

Төзбекен соң сөулеге мен айналдым.  
 Төзбекен соң самал желге айналдым,  
 Сипау үшін етіңнен,  
 Сүю үшін бетіңнен.

Мен, себебі, орын таппай қасынан,  
 Әлдеқашан ұсақталғам, шашылғам,  
 Шашылғанда гүл қауызым ашылған,  
 Содан кейін не өтпеді басымнан...

Сағыныштан жұлдызға мен айналдым,  
 Бар күненді кешіріп,  
 Қарау үшін тесіліп.  
 Сен, себебі, көз салушы ең алысқа,  
 Менің бейбак көнілімді жаныштап.  
 Көніл қоссақ өлердей ем қуаныштан:  
 Зарыққаннан жұлдызға мен айналдым.

Зарыққаннан қызғалдаққа айналдым,  
 Өсейін деп жолына,  
 Тұсейін деп қолына.  
 Менен қашсаң жұлдыздарға қарама,  
 Сөулеге де, самалға да жолама.  
 Гүл теруге шыға көрме далаға,  
 Далада мен қызғалдаққа айналдым.

\* \* \*

Тұк шықпаса... Ауаға мен айналам,  
Бірге жүрем тәніңмен,  
Араласып қаныңмен.  
Ұсақталдым басты саған июмен,  
Сен өтерсің мені қайта жилюмен,  
Мен, себебі, әлсіз болдым сүюден,  
Сүйгендіктен ауаға мен айналам.

### КЕРТОЛГАУ

Сенемін ғой, сеніміңнің барына,  
Сүйіктіме қалай ғана сенбеспін.  
Мен секілді әкесін тағдыр жалмаған,  
Анасы өз қосағынан қалмаған;  
Достары да дос секілді, қастары да қас секілді болмаған,  
Мен секілді сорға біткен сояу қамыс сияқты,  
Жалғыз-жарым, саяқ жүрген түяқты,  
Жаралғанмын кіршігінен жақсының  
«моласындай бақсының»  
Жеке-дара тұлғаның  
Жардан басқа кімі бар?  
Жан әлемін жардан басқа кім үтар?  
Саған, жаным, қалай ғана сенбеспін?!  
Сен секілді іздемес те,  
Сағынбас та күнде ешкім.

Санамдағы панам тағы бір өзің,  
Жарым-дағы, зарым-дағы, жаным-дағы бір өзің.  
Асылым да, ғашығым да бір өзің,  
Ғұмырымда бір өзінен басқаны мен білмеспін.

Сен емес пе ең, жабырқасам жылайтын?  
Жабырқасаң пана көріп құшағыма құлайтын...  
Сен емес пе ең...  
Сен емес пе ең, жан ауырса жағдайымды сұрайтын?!  
Сен емес пе ең, жаңылғанда жалау болып жанымса?  
Қайтадан жол табарыма, табарыма риясыз сенетін.

Сен емес пе ең – алыстаса арамыз:  
 «Сенсіз күнім қалай ғана өтед...» – деп,  
 Жұдырықтай жұлдызыымды жетектеп.  
 Бір мен үшін жаяу-жалпы келетін,  
 Бір мен үшін неге болса көнетін,  
 Сен емес пе ең,  
 Сен емес пе ең тағы да  
 Күнгейі мол ертеңіме сенетін,  
 Бір мені ойлап тұн үйқынды бөлетін;  
 Кіндіктесің, бауырынан да,  
 Бауыр етің балаңнан да мені жақын көретін, –  
 Осы ойыңа өзің шексіз сенетін  
 Сен емес пе ең...

Сен емес пе ең,  
 Коңыр қаздай жұп жазбай,  
 Қамшы саптай мына қысқа ғұмырды  
 еріңменен бірге өткізгің келетін,  
 сен емес пе ең.  
 Сен емес пе ең,  
 Жабырқасам жан қызының ет денеме төгетін;  
 Барыма да, жоғыма да көнетін,  
 «Өзіңменен кешкен өмірім бақыт», – деп,  
 «Өзіңменен кешер ғұмырым бақыт», – деп,  
 Шағын ғана ошағынан отының  
 мәңгі сөнбестігіне де, дұдамалсыз сенетін.

Өзіңсің ғой... Кім болғаным сенбесем?  
 Жаным, саған сенбей қалай күн кешем?  
 Отыз үшке келгендері,  
 отыз үш көктем көргендегі сөзім бұл!  
 Көңілімде саған деген,  
 Өмірімде саған деген жасуындаи иненің  
 күдігім жоқ, сезігім жоқ кезім бұл.  
 Тоқсан толғап көкірегіме түйгенім,  
 Осы ғана сүйгенім.

Сенем, сенем, сенбей қалай күн кешем?  
 Осылайша жазар ма едім сенбесем?!

Сүйгендерге жарасады ақиқатын жасырмау, –  
 Құламасқа сенгендіктен томпаңдаған нөресте  
 Қаз-қаз, қаз-қаз басады ғой аяғын  
 Жүргенінен жығылғаны болғанымен басымдау.

Сенем, сенем, нәркүмәндік жүрегімнен тысқары;  
 Оттыз үште ұғындым ғой  
 Сенім деген, сену деген күш барын.  
 Ұғындым ғой – сенімнің  
 бүкіл күдік атаулыны уысында ұстарын.

Көзім енді ашылды-ау?!

Сүйгеннен соң ізгі ойынды керек еken жасырмау.  
 Уайымым да қазіргі, өткендегі қуанышымнан асылдау.  
 Сен де сендей, сен де сендей өміріңе  
 Болғанымен бақытынан уайымы басымдау.  
 Білгеннен соң сенім деген күш барын,  
 Ұғындым ғой дүние кілтін соның ғана ұстарын.

...Сенбекенмен кейде күмән келтіріп,  
 Көңіл-күйге аумалы да тәкпелі,  
 Дегенге де жалаң ғана «сыйлап өтем тек сені»,  
 Сенбесек те жар көзіне шөп салған жалпақ тәтей, жұбайға,  
 Аямайтын тауқымет пен тақсіретін шұнақ, соқыр Құдайға,  
 Жетпекенмен көзіміз Құдайдан да құдіретті ғарыштың  
 тылсым күші барына,  
 Сенеміз ғой, риясыз сенеміз,  
 жұдырықтай жүрегі бар адамның махаббаты мен арына.

Шек келтірсек, күмәндансақ аққа біз,  
 Махаббатты санар болсақ жоққа біз,  
 Мағынасы болмас еді өмірдің;  
 Келешекке күмәндансақ – туар-ау деп не бір күн,  
 Мәні жоқтай көрінбей ме өмірдің.

Сенем, сенем, сенім – ұлы ұғымым,  
 Сенгендіктен санамаймын мұны мін,  
 Сенім – менің жаңа ашқан ілімім.  
 «...Біз баспаған Балқан тауды басар», – деп,  
 «Бізден-дағы бақытты өмір жасар», – деп,

«Сенімізге сенім ғана қосар», – деп,  
перштедей перзент көрдік несіне?  
Неге ғана солар үшін сұрадық біз несібе?  
Улар болсақ күмәнмен сүттен таза ұфымын!..

Сен сұрарсың:

«...сенген болсан сенім деген қасиетті сөздің бұл ұлы ұлағатына;  
Мұның не деп... Күмәның ба, адал махаббатыма,  
Бұрын мұндай емес ең,  
Кызғандың деп неге сен?»

Рас, жаным, біз бажайлай қарасақ,  
Сүйгендерде қызғаныштың,  
өзек өртер қызғаныштың болатыны рас-ақ.  
Махаббаттай бақыты асқақ, бас айналар биіктен  
сүйгенге тән, сүйгенге тән күйікпен  
Не болар ек құласақ?  
Қабағымыз ашылмас-ау,  
Қайта көніл қосылмас-ау, қоя алмаспаз жыласақ.

Дейсің, дерсің: «...Қызғанасың неге сен,  
Көніліңе кіrbің салған емес ем.  
Етіме ет бол кірікпедің демесен».  
Өмір серік – жолдастым,  
Қызғаншақтың тула бойын басып тұрап қорғасын.  
Болғандай бол көрінер де болмасың,  
Қан қысымы солқылдатар күре тамыр ариасын,  
Бірақ мұны, сенімсіздік деме сен.

Адам жаны таңғажайып, сыр тұнған,  
Ауық-ауық астан-кестең бұлқынған.  
Сүю атты табиғаттың сыйының  
Осы болар жойқын күші жұлқынған.  
Не де болса, тегеуріні темір үзер күш бар ғой  
Белек тұрған бойындағы ырқынан.

Сенгейсің, сен сенімінің барына,  
Мен секілді жақын болмас енді ешкім.  
Сондықтан да саған ашық тілдестім,  
Сен де сүйсең қалай ғана сенбессің?

Болған болса күмәнің,  
 Өзің түгіл өзінен де қызғанған  
 Мақтаныңды – пәк тәнінді...  
 «Өз отауым болад», – деп,  
 «Басыма бақ қонад», – деп  
 ақ төсінді ұрпағына басқаның,  
 сенім емей немене еді, айқара кеп апқаның.  
 Сенім емей немене еді,  
 өз еркінмен, тал шыбығым, бал шырының тосқаның...

Сенем, сенем сенбей қалай күн кешем?  
 Мұнан кейін жүре алам ба жер басып?  
 Сенем, жарым, өзіңе,  
 Сенем сенің түн жамылып айтқан жылы сөзіңе.  
 Көнілімде саған деген сенімсіздік болмаған.

Анасыңғой, сенбеуіме бола ма?  
 Құдігімді жеңбеуіме бола ма?..  
 Өн бойынан өмір-өркен өргізген, –  
 Анасыңғой – фәни жалған жомарттығын көргізген;  
 Жер деп білсек ұлағатты тіршіліктің аны,  
 ғұмырысың сен оның – өмірге өмір жалғаған;  
 Ер кісінің жардан басқа кімі бар?  
 Құлақ салшы, сөзіме.  
 Жан әлемін жардан өзге кім ұғар?  
 Анасыңғой, өмірге өмір жалғаған,  
 жалғызы үшін шыбын жанын жалдаған.  
 Сенбеуіме бола ма, айтшы, жаным, өзіңе? –  
 Мәңгі жасаң тіршіліктің нағыз қайнар көзіне;  
 Сенем, сенем, саған деген жүрегімде мысқал құдік  
 болмаған,  
 Сенімімді сенімменен жалғағам.

## МЕН БАРМЫН

Қырдан асшы, қырдан ассаң белең бар,  
 Белең ассаң жеңгелерің алаңдар,  
 Гашықтардың пәк жүрегін ұқпайтын,  
 Файбат сөзді көбейтер-ау, жамандар.  
 Шайлышасын ниетің,  
 Өмірінді бақытты етер шамам бар.

Қырдан асшы, қырдан ассаң ғалам бар,  
 Қуанышың бар, жасыра айтар налаң бар.  
 Сен келмесең жарылқайды деймісің,  
 Жаңа ай маған айбалтадай жалаңдар.  
 Көз жасыммен сусындар,  
 Белендегі қызғалдақты аландар.

Жасқанбашы, қырдан ассаң мен бармын,  
 Бездірген бәрін жамандықтардың, мұң-зардың.  
 Махаббатын жаңғырықтыра жариялад,  
 Көшірген мұзын көкшулан ана шыңдардың...  
 Аса бер қырдан, жүрегім бар, сосын мен бармын.

## О, АЙНАЛАЙНЫМ

Балаң қалпың махаббатты сөз етсең,  
 Адалдықты, тәттілікті шақырдым,  
 Періштедей ақылдым.

Үккың келсе алакүйін жанымды,  
 Тебіреніп жаңа жырды бастадым,  
 Алатаудай асқағым.

Жат ұғынып, іздей көрме кінәрат,  
 Кіріптар боп сүйгенім бе жазығым,  
 Арманымдай нәзігім.

Жүздескенде үлпа сезім тербеді,  
 Тілегімнің жия алмадым айылын...  
 О, Айналайыным,  
 О, Айналанайым.

## ОЛ ЖӘНЕ МЕН

Суынсақ та қыса алмай тұрған ек,  
 Қараталдың жапырағы, үзіліп кеттің.  
 Менің сүйгенімнің  
 Сол тұні адалдығы бұзылып кепті,  
 Қаным қарайып қызынып кеттім.

Махаббатқа тазалығымнан  
 Көнілімді жия алмадым,  
 Ол мені  
 Бұрынғыдай емірене сүйе алмады.

Қараталдың жапырағы,  
 Бұлтактан сыңсып құлағаныңды көрдім.  
 Сен: қыздың қалай жылағанын,  
 Менің қалай жылағанымды көрдің.

Неге жолығып жүрдің дейсің бе,  
 Ау, Қараталдың жапырағы.  
 Мен: бұрынғы адал сезімімді іздең келіп жүрдім,  
 Ол қыз сені іздең келіп жүрді.

### СҮЙІКТІМ

Сүйіктім,  
 Осы кездерде сағаттың сыртылы да  
 елеңдететін болып жүр.  
 Менің тұтамдай өмірімді санап тұр емес пе?  
 Бұгін шошып ояндым.  
 Тұсімде:  
 Арманым – бақыт құсы болып,  
 Жалқаулығым – шайтан болып,  
 Кежірлігім – жын болып,  
 Халқым – Тәңір болып,  
 Достарым – қанатымен су сепкен  
 қарлығаш болып,  
 Әкем – жарығын аямаған күн болып,  
 А나ам – аялаған жер болып,  
 Сен – періште болып көріндің, сүйіктім.  
 Табиғаттың маған сыйлаған қас қағым уақытында  
 асқақ мақсатым үшін күресіп, көксегеніме жетіп,  
 көрер қызығым мен соған жетудегі мехнатымды  
 атқарып үлгеруім керек емес пе?  
 «Өмір – көз ашып, жұмғанша», – дейді ғой,  
 Сүйіктім.

## БҰЛАҚ

Бұлак,  
 Жалаңаш жерді аймалауға асығасың ба?  
 Арланбайсың, биқтен төмендеуге.  
 Қыздардан көңілім жасығасын ба,  
 Үяламын соңынан сүмендеуге.

Бұлак,  
 Таудың мұзды кеудесін қырқып ағасың,  
 Қалай шыдайсың, тоғанға тіреліп тоқтағаныңда...  
 Заулап келем, сағыныш кеудемді жұлқылағасын,  
 Шынымен ғашық бол қалғаным ба?

Бұлак,  
 Сіңісп кетуге құрдымды сағынасың ба?  
 Табиғат заңына бағынасың ба?  
 Мен жаңылыссам жаңылысармын  
 Сүйем деген сөздің мағынасында.

## СЕЗІНУ

Қап-қара көз, қалай жылы естіледі бұл өзі,  
 Нәзік ырғақ түр шығып.  
 Қап-қара көз, үмітінді үзеді,  
 Жалғанасың ақ шапақ бол ынтығып.

Үмітің – ақ, қыздың көзі қап-қара,  
 Нәзік-нәзік қаралық қой кірпік бір.  
 Өні сұлу, сұлудағы шаш қара,  
 Қаралықтан сиқыр көрік ыршып түр.

Кыз жүзінде қара қалды, ақ қалды,  
 Дәл осыдан сұлулықтар еш етпес.  
 Көңілімде сезім қалды үлпілдеген мақпалдың,  
 Жұмсақтығы іспеттес.

## ТАФЫ БІР ҚӨКТЕМ

Іздең келе жатыр мені ақ сәуле,  
Шашыраған алыстағы жұлдыздан.  
Хат та келе жатыр маған бір қыздан,  
Жете ме екен, жетпей ме екен, білмедім...

Таудан аққан мөлдір бұлақ мені іздең,  
Табыса алмай кеткен екен құм кезіп,  
Ару болса, жетелеумен маған қарай күнде өзін,  
Пек үмітін үзген екен жолшыбай.  
Өзен болса, болған екен тамшыдай,  
Сәуле-дағы өзін-өзі қамшылай.

Бағытынан ауытқуға аз қапты,  
Өкпелеп қыз хат жалғасын жазбапты.  
Игі болды бәрінді де тапқаным,  
Мөлдір бұлақ – ақ таңым,  
Ару жырым – мақтаным,  
Қыз – балалық шақтарым!  
Аралайық тобымызды жазбастан,  
Ақ сәулелі тағы қөктем бактарын.

## ОКІНІШІМ ҚАЛМАДЫ

Көз көрмеген аруды мың тіледім.  
Бір тілеуім болмады, күрсінемін.  
Несіне мен соншама күрсінемін?  
Ақиқат қой ертең-ақ сілкінерім.

Жетіп болмас арманды мың аңсадым,  
Жетеледі жел қайық, мұнар сағым.  
Жетеледі, несіне жетеледі?  
Үстаптайтын болған соң толарсағын.

Үйқысыздық. Ертеңді қөкседім мен.  
Шабыт сыңар. Мен жалғыз... Тек сенімен  
Ене бердім тәтті ойдың құшағына,  
Оқінішім қалмады есте мұлдем.

## ЖЫЛАП ОТЫР КЕЛІНШЕК

Кіл күйбенмен шығар, мүмкін, жеріген,  
 Не болмаса, салқын тартқан ерінен,  
 Қатқыл сөйлеп бұзған біреу көнілін,  
 Не жоғалтқан жолдасына сенімін,  
 Жалғыз өзі жылап отыр келіншек.

Есіне алды, не болмаса, анасын,  
 Аңсады ма шетінеген баласын?  
 Не болғанын кім біледі, кім білген...  
 Мүмкін ерден ажырасып үлгерген,  
 Өксіп-өксіп, жылап отыр келіншек.

Еске алды ма ләzzатты бір шақтарын,  
 Үқты ма өлде өмірі өтіп жатқанын?  
 Не болғанын кім біледі, кім білген...  
 Ылаңы ма, күйігі ме ақшаның?  
 Жалғыз өзі жылап отыр келіншек.

Әзіршеге жеңіл пальто жетердей,  
 Ренжіткен, бәлкім, ішік өпермей...  
 Кім біледі, бәлек шығар зары оның?..  
 Бұл өмірден аттанды ма жары оның?..  
 Өксіп-өксіп, жылап отыр келіншек.

## ҰФЫНУ

Ағып жатты Сәләнгә алға ұмтылып,  
 Ағыстары саябыр, солғын, тұнық.  
 Бейкүнә қыз: «Сүйем», – деп аймалайды,  
 Бойдақ тұрды беймаза, қол қусырып.

«Қарашы, – деп өтінді жігітке қыз, –  
 Қос өзен секілдіміз тірлікте біз.  
 Екеуміз екі арнамен ағып келіп,  
 Неліктен айырылмастай бірліктеміз.

Бұл мүмкін басы шығар жақсылықтың?..  
Немесе қыз шығармын пәс қылықты.  
Қуаныш па, немесе қайғы ма екен?..  
Еріксізден көзіме жас тұнып тұр».

Аспан болса жүзіне іліп тұман,  
Қас қағым... Ай жоғалды күліп тұрган.  
Сәләнгә дидарына мұз қармады,  
Секілді сезімдерін шынықтыған.

«Тыңда, – деді, өрекпіп жігіт қызыға,  
Әлдене аңсан, ашқылтым үміт қозғап,  
– Бүгін бірге қонуға рахым ет,  
Бос арманмен елітіп уақыт созбай».

Білмедім келісті олар, келіспеді,  
Сәләнгә құшақ аша өрістеді.  
Жер жайылды өзенге төсек болып,  
Өзен жерді емірене иіскеді.

## ДОСЫМ-АУ, БІР СЫРЫМ БАР

Досым-ау, бір сырым бар, тыңда деймін,  
Қатын біткен әзәзіл, жын ба деймін.  
Жын ба деймін, пиғылын жасыратын,  
Пері-ау деймін, тыншыңды қашыратын.

Тұн ортасы... жатыр ем төсегімде,  
Кенеттен қақты әлдекім есігімді.  
Іштей сыбап, есікті ашып қалсам,  
Көрші өйел. Көршіге кешірімді.

Өзім сенбей көзіммен көргеніме,  
Деп сұрадым: – Күйеуің келмеді ме?  
– Ерек шығар деп келдім, есік қағып,  
Бір кештік жарайсың ғой ермегіме.

Сасып қалдым...  
– Айтқаның расың ба?!

– Не, осылай мелшиіп тұрасың ба!  
Намысың бар сен дағы еркексің ғой,  
Болмайсың ба? Жоқ әлде ұрасың ба?

— Аяйын сен дегенде, шүкір, немді,  
Жек көрмен ел қажетін бітіргенді.  
Әттең, қазақ кісіге санамайды,  
Біреудің құдығына түкіргенді.

Сонда ол айтты: — Сөгесің бекер мені,  
Арам болсам батылым жетер ме еді.  
Сені жарың алдайды... Менің байым  
Көз алдымда қанша өйел әкелмеді.

Білесің ғой сөзімнің растығын,  
Пәктігімді... Байымның ыластығын.  
Шөп салайық көзіне біз де олардың,  
Күйікке болар ма екен біраз тыным?..

Ынжық екем, ит екем, үндемедім,  
Не өтірік, немесе, шын демедім.  
Бір жыл болды... Бейнесі сол әйелдің  
Үйқымды қашырады күнде менің.

Сонда, досым сұрады: — Бар ма әлі?  
— Жыл болды... Ажал оны жалмағалы.  
Күйіктен өлді-ау деймін сол, бейшара,  
Жиырма жеті жаста еді, бар болғаны.

— Күйеуі ше? Бар ма өзі? Қай шамада?  
— Айтасың-ау, ондайды жау шаба ма!  
Қырқын берер-берместен әйелінің  
Бастық болды қатыны көп, дәу салаға.

### КЕУДЕҢ АШЫҚ...

Кеуден ашық... Қөрпен болса түріңкі,  
Ұйықтап жатсың жайып тастап бұрымды.  
Есігіңнің саңылауынан қарап ем,  
Мазаны алыш еркелігің бұрынғы.

Бәлки, бәлки, саған тәтті тус енді,  
Балқытарлық бүкіл дене мүшендей.  
Күйік өртеп, ар аттарлық кезімде  
Әрең жендім нәпсі деген кеселді.

Келді ме екен өзінді-өзің алдағың,  
Түсініксіз неге қолқа салғаның.  
Ағын судай бұрып кете алмадым,  
Құйын-сынды түріп кете алмадым.

Аяқ асты өртенбедім, жанбадым,  
Шошынғам жоқ, есімнен де танбадым.  
Таң атқанша көз ілмедім елегзіп,  
Не үйқыға, не ләzzатқа қанбадым.

### ЕСЕЮ

Сілтідейін тұнып қалған,  
Көңілімде құлыпталған,  
Айтпағаным көп еді...  
Толқын болып қайта соқтың,  
Өліп-талып бөгедім.

От қарыды жүрегімді,  
Жел әкетті тілегімді.

Тасқында талды қарман,  
Бөсенсісең жолды барлап,  
Талықсыдым, есімді еш жыя алмай.  
Жабырқадым, жалаң, құрғақ қиялдай.

Үмітіме сеніп едім,  
Ақталмады, еңредім.

Жан сырынды аппағасын,  
Өксігімді баспағасын,  
Бұлтқа айналдым, сүйіктім.  
Жауын болып, жауу үшін күйіктен.

Жібімедің, босамадың,  
Жанарыңа жас алмадың.

Жақындал кеп дәл қасыма,  
Жаңа тамған көз жасыма  
Жігітіңің көлеңкесін түсірдің.  
Лағынет айтып ақымақтығым үшін мың,  
Өмір-бақи сүймесінді түсіндім.

Пейішімді тозақ етіп,  
Қарадындар мазақ етіп.

Жарқабағым жапырылған күн туды.  
Үйренем деп ұмытуды,  
Көз жасымнан көлеңкенді мың құдым.  
Бір отыңа күйген күйі,  
Жұдырығымды түйген күйі,  
Оң мен солды ажыраттым, ойландым,  
Күйректігім батылдыққа айналды.

## НАР ТӘУЕКЕЛ

Сүйіктім, таппассың мендей ақынды,  
Қатыспайтынды қатыспайтынмен қатыстыратын.  
Сенің атыңды  
Сұлулық «Құдайының» атымен шатыстыратын.

Жақсы есім, жақсы атаудың  
жаттанды бәрі екен тек.  
Гүлім, қонымды етіп қалай атаймын?..  
Сені риза етем деп,  
Өлеңнің бір қатарын он бес буынға апардым.  
Қызын алып лапылдың,  
Тәттісін тердім сөздің деп  
Оп-оңай жазар өлеңді қиналып жазып жатырмын,  
Көңіліңнен шыққым келгенін сездің бе?

Арнау жырга бұл алғашқы сапарым,  
Тебіренісімді ұғуынды өтінем.  
Ойымды нығыр айтам деп,  
Жаттанды буыннан тұратын өлең қатарын  
Соза-соза парактың шығарып жібердім шетінен.

## СЕН МЕНИ КЕШІРЕСІҢ

Сен мені кешіресің,  
 Жер бетімен сарқыла су аққанша,  
 Құзар шыңды уақыт құлатқанша,  
 Шақырғанмен өткенді жылап қанша  
 Оралмаса, азабың құлақтанса,  
 Сені мені кешіресің.

Сені мені кешіресің,  
 Жер бетінде ізгілік ой барында,  
 Қан қозғалса болғаны өн бойымда.  
 Бұл өмірге мезі боп тойғанымда,  
 Бұлқынғанын жүрегім қойғанында,  
 Сені мені кешіресің.

Сені мені кешіресің,  
 Аз да болса бойында арың барда,  
 Әз көнілің ағынан жарылғанда,  
 Бос ғұмырдан тынысың тарылғанда,  
 Жалғандықтан жан дүниен арылғанда,  
 Сені мені кешіресің.

Кешіресің – бәрі де кеш болғанда,  
 Өмір өтіп... Естелік басталғанда.  
 Жетер-жетпей жығылып ашы арманға,  
 Етегіңе еңіремей жас толғанда  
 Сені мені кешіресің.

Кешіресің күнәнді маған артып,  
 Қалмағанда көнілде жаңаар түк.

## ҚАЙТА ТУҒАН МАХАББАТ

Күн өтсін мейлі, жыл өтсін мейлі,  
 Жетелер саған нұр арман,  
 Іңкөрлікпенен, ынтызарлықтан құралған.

Ойың да таза, бойың да таза,  
 Мүшелі келген мұсінің...  
 Ет-бауырын езер, көз жауын алар кісінің.